

ХҒТАР 17.09
Шолу мақаласы

Ж. Бимұратқызы^{1*}, Ғ.Ә. Тұяқбаев²

Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті, Қызылорда, Қазақстан
(E-mail: ¹zhanar.bi@mail.ru; ²turmagambet@mail.ru)

ТҮРМЕ ӘДЕБИЕТІ: ЗЕРТТЕЛУІ, АВТОБИОГРАФИЯЛЫҚ СИПАТ ЖӘНЕ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІГІ. PRISMA ӘДІСІМЕН ЖАСАЛҒАН СИСТЕМАТИКАЛЫҚ ШОЛУ

Аңдатпа. Шолу мақаласы түрме әдебиетіндегі авторлық ұстанымның, шығармашылық ерекшеліктердің сипатын зерттеу белсенділігін талдауға бағытталған. 2015-2025 жылдар аралығындағы түрме әдебиетінің әлемдік зерттелу динамикасына жүйелі талдау жасалған. Шолу әдісі негізінде PRISMA принциптері қолданылды. Талдау жүргізу барысында Scopus деректер базасында индекстелген ғылыми еңбектердің ішінен 11 мақала іріктеліп алынды, әртүрлі елдерде жүргізілген ғылыми жұмыстар қарастырылып, әдеби зерттеулердің бағыттары мен даму үрдістеріне салыстырмалы талдау жасалды. Алынған нәтижелер түрме әдебиетін зерттеудің жаһандық үрдістерін сипаттауға және болашақтағы зерттеу мүмкіндіктерін анықтауға негіз болады.

Зерттеу нәтижелері АҚШ пен Ұлыбританияда түрме әдебиетіне арналған ғылыми жұмыстардың кең таралғандығын және Канада, Румыния, Азия, Австралия мен Африка елдерінде салыстырмалы түрде аз зерттелетінін көрсетті. Бұл көрсеткіштер түрме әдебиетінің ғылыми зерттеулердегі даму кезеңдерінің әлі де жетілдіру мен тереңдетуді қажет ететінін көрсетеді. Түрме әдебиеті адамның күрделі өмірлік жағдайлардағы рухани күші мен шығармашылық әлеуетін, сондай-ақ қоғамдағы әлеуметтік әділетсіздік мәселесін ашып көрсететін бірегей әдеби бағыт ретінде сипатталады. Зерттеулер түрме әдебиетінің әлеуметтік және мәдени құбылыстарды бейнелеудегі рөлін, оның әділет жүйесі, адам құқықтары және реабилитация үдерісін жақсартудағы ықпалын анықтауға көмектеседі. Сонымен қатар, түрме әдебиеті әдебиеттану ғылымында ерекше орын алып, көркем шығармалардың стильдік, мазмұндық және эстетикалық ерекшеліктерін талдау арқылы әдебиет пен қоғам арасындағы өзара байланыстарды ашуға септігін тигізеді. Түрме әдебиетінің зерттелуі әдебиеттің қоғамның дамуындағы және гуманизациясына қосқан үлесін бағалауға мүмкіндік береді.

Түйін сөздер: түрме әдебиеті, авторлық ұстаным, автобиографиялық сипат, әдеби стильдер, PRISMA әдісі.

Түсті: 09.06.2025; Жөнделді: 13.10.2025; Мақұлданды: 15.06.2026; Онлайн қолжетімді: 30.06.2026

Кіріспе

Түрме – тәртіппен қатаң режимдегі жүйе. Осындай қатаң жүйеге әлем халықтарының әрбір елді мекенінде, аймақтарында мемлекеттік саяси жүйеге қарсы шыққан қаламгерлер лек-легімен тар қапасқа тоғылды. Тар қапасқа танылған ұлтшыл азаматтар өздерінің жан қайғысын, ыза-шерін, наласын, арман-үмітін өлең, жыр немесе прозалық туындылар арқылы білдірген. Олардың жазылу тарихы, оқырманның қолына жетуі, ғылыми айналымға түсуі - өз алдына бір бөлек мәселе (Тоқтарбай, 2021).

Түрме әдебиеті – әдебиеттану ғылымында ерекше орын алатын жанр. Оның ерекшелігі тек қана түрмеде жазылған шығармалардың мазмұнынан ғана емес, сонымен қатар оның қоғамдық және мәдени контекстен туындайтын мәнінен де байқалады. Түрме әдебиетінің басты ерекшеліктерінің бірі – авторлық ұстаным мен шығармашылық ерекшеліктердің тереңдігін көрсететін автобиографиялық сипаттың айқын көрінуінде. Бұл әдебиет түрмеде болған адамның жеке өмірін ғана емес, оның рухани әлемі мен ішкі тартысын, сондай-ақ қоғамдық әділеттілікке, адам құқықтары мен еркіндікке деген көзқарастарын айқындайды. Түрме әдебиетіндегі авторлық ұстаным шығарманың құрылымында, тілінде, стилінде және негізгі тақырыптарында көрініс табады. Түрме жазушыларының шығармашылығы көбінесе қоғамның әділетсіздігі, саяси қуғын-сүргін, адамның рухани беріктігі және жеке тұлғаның ішкі күресі мен шектеулі өмір жағдайларында өз құндылықтарын сақтау мәселелерін қозғайды. Мұндай шығармалар автордың еркіндігі мен көркемдік ойлауының шектеулеріне қарамастан, терең адамгершілік және әлеуметтік мәселелерді көтеруге мүмкіндік береді. Автобиографиялық сипаттың түрме әдебиетіндегі орны айрықша маңызды. Әдебиеттегі әрбір шығарма – автордың жеке тұлғасының ғана көрінісі емес, сол кезеңнің саяси, әлеуметтік және мәдени контекстін ашатын құнды дерек. Түрмеде болған адамдардың шығармалары көбінесе олардың өміріндегі зорлық-зомбылық, саяси репрессиялар мен моральдық тұрғыдан бұзылған қоғамды бейнелейді. Түрме әдебиеті автордың жеке басының ауыспалы күйін, қоғамдағы әділетсіздікті көруге деген талпынысын көрсетеді, сондай-ақ ол қоғамның жалпы саяси және әлеуметтік жағдайын, адам құқықтары мен әділеттіліктің бұзылуын айқындайды (Тоқтарбай, 2021).

Түрме жазушыларының шығармашылығы арқылы адам өмірінің күрделі кезеңдеріндегі рухани күш-жігері мен шығармашылық әлеуеті, әлеуметтік әділеттілік пен адам құқықтарын қорғауға бағытталған үндеу мен әдеби процестің ерекшеліктері анықталады. Сонымен қатар, мақала түрме әдебиетінің өзіндік ерекшеліктерін, оның ішінде стильдік, тілдік және құрылымдық ерекшеліктерін, сонымен қатар автордың ішкі дүниесін бейнелеудегі қабілетін ашуды көздейді. Түрме әдебиетінің өзіндік стилі мен тілдік ерекшеліктері бар. Оның шығармалары эмоциялық және философиялық тұрғыдан терең болып келеді, себебі олар автордың ішкі әлемінің күрделі ағымдарын көрсетуге бағытталған. Түрме жазушыларының шығармашылығы белгілі бір кезеңнің шындығын ашып, осы уақыттың адамдары мен олардың тағдырларын терең сезіммен сипаттайды.

Қорыта айтқанда, түрме әдебиеті – қоғамдық және адамгершілік тұрғыдан маңызды әлеуметтік феномен. Оның ішінде авторлық ұстаным мен шығармашылық ерекшеліктер ерекше орын алады. Түрме әдебиетін зерттеу арқылы біз адам рухының күшін, төзімділігін, күрескерлігін және әділеттілік пен еркіндікке деген ұмтылысын тереңірек

түсінуге мүмкіндік аламыз. Автобиографиялық сипаттың маңызы осы әдебиеттің шынайылығын айқындайды, сондай-ақ автордың ішкі жан дүниесін бейнелеудегі ерекше қабілетін көрсетеді.

Шолу мақалада талданған жұмыстардың мақсаты - зерттеу шеңберінде түрме әдебиетіндегі авторлық ұстаным мен шығармашылық ерекшеліктердің мәнін ашу, сондай-ақ автобиографиялық сипаттың бұл әдеби жанрдағы орнын және дамуын анықтау барысында PRISMA әдісімен систематикалық шолу жасау.

Осы зерттеу аясында төмендегі зерттеу сұрақтары талқыланды:

RQ1. Түрме әдебиетінің зерттелу ауқымы қандай географиялық аймақтарды қамтиды және қандай ғылыми салалар мен уақыт аралығында зерттелген?

RQ2. Түрме әдебиетіндегі авторлық ұстаным қандай көркемдік ерекшеліктер арқылы байқалады және автобиографиялық сипаттың әдеби-көркемдік маңызы қандай?


RQ3. Түрме жазушыларының шығармаларында қолданылатын әдеби стильдер мен баяндау құрылымдары қандай?

RQ4. Түрме жазбаларының қоғамға ықпалы қандай және олар әдебиетте қандай орын алады?

Зерттеу әдістері

Зерттеу шеңберінде жарияланымдарға төрт негізгі зерттеу сұрағы қойылып, оларды талдау үшін PRISMA (Preferred Reporting Items for Systematic Reviews and Meta-Analyses) әдісі қолданылды. Бұл әдіс зерттеулерді жүйелі түрде іздеу, іріктеу, бағалау және талдау үдерісін кезең-кезеңімен сипаттауға мүмкіндік береді. Зерттеу тақырыбына қатысты ақпаратты іздеу барысында Scopus деректер базасында «ТҮРМЕ ӘДЕБИЕТІ» кілт сөздері қолданылды. Іздеу нәтижесінде 1867-2015 жылдар аралығында ағылшын және орыс тілдерінде жарық көрген 95 құжат анықталды. Олардың құрамына ғылыми мақалалар, конференция материалдары, монографиялар және өзге де академиялық жарияланымдар кіреді. Аталған іздеу үдерісі түрме әдебиетін зерттеуге бағытталған жұмыстарды жүйелеуді және кешенді түрде систематикалық шолуды көздеді. Іріктелген дереккөздер түрме әдебиеті саласындағы ғылыми ізденістер үшін маңызды мәліметтер ұсынып, зерттеу нысанын жан-жақты қарастыруға мүмкіндік берді. Жинақталған мәліметтер соңғы онжылдықты (2015–2025 жылдар аралығын) қамтитындықтан, қазіргі зерттеулердің өзектілігін көрсетеді. Жылдар бойынша жіктеу нәтижесінде 55 құжат таңдалып алынды. 1-кестеде көрсетілгендей, зерттеу тақырыбы мен іріктеу критерийлері бойынша жалпы саны 95 мақала анықталды, қайталанған жазбалар кездеспеді, себебі тек Scopus дерекқорынан алынған мәліметтер пайдаланылды. Іріктеу кезеңінде зерттеу талаптарына сәйкес келмейтін құжаттар алынып тасталды: эмпирикалық зерттеу жүргізілмеген материалдар, шолу мақалалары, 2015 жылға дейін жарық көрген жарияланымдар және түрме әдебиетіне қатысы жоқ зерттеулер қарастырылмады. Барлық табылған деректер алдын ала сүзгіден өткізіліп, олардың тақырыптары мен аннотациялары мұқият тексерілді. Осылайша, зерттеу тақырыбына сәйкес келмейтін мақалалар шығарылып, тек зерттеу нысанына тікелей қатысты ғылыми еңбектер талдауға қабылданды. PRISMA әдістемесі негізінде Scopus деректер базасынан іріктелген 11 ғылыми мақала жүйелі әдеби шолу шеңберінде талдаудан өтті (1-кесте).

Кесте 1. PRISMA (Preferred Reporting Items for Systematic Reviews and Meta-Analyses) әдісі




Нәтижелері мен талқылаулар

RQ1. Көркем әдебиеттің зерттелу ауқымы қандай географиялық аймақтарды қамтиды және қандай ғылыми салалар мен уақыт аралығында зерттелген?

Түрме әдебиетіне қатысты зерттеулер мен қажетті материалдар тым аз. Осы негізде соңғы онжылдықта (2015-2025 жж.) түрме әдебиеті бойынша ғылыми-зерттеу жұмыстарының айтарлықтай өсуі байқалмағаны. 1-суретте көрсетілген мәлімет бойынша 2015 жылдан бері қарай бұл саланы зерттеудің пайыздық көрсеткіші әртүрлі. 2015-2019 жыл аралығында зерттеулер саны 7-10 аралығында болса, 2020-2024 жылдар аралығы зерттеулер саны 7-10 аралығын көрсетеді, дегенмен бұл зерттеудің өзектілігін жоққа шығармайды (1-сурет). 2025 жыл бойынша арнайы ғылыми басылымдардың жарияланып үлгермеуіне байланысты, бұл жылға қатысты мәлімет әзірге жоқ. Түрме әдебиетіндегі авторлық ұстаным мен шығармашылық ерекшеліктерді зерттеуге деген

қызығушылық артып келеді. Түрме әдебиеті арқылы автордың өмірбаяны мен рухани болмысы туралы мәліметтерді жеткізу, оның шығармашылық ұстанымын айқындау қазіргі әдебиеттанудағы өзекті мәселелердің бірі болып отыр. Соңғы онжылдықта бұл бағыттағы ғылыми-зерттеу жұмыстарының саны артқанымен, әлі де кешенді әрі терең зерттеулер қажет екені анық. Түрме әдебиетіндегі автобиографиялық сипаттың рөлін нақтылау үшін әдебиеттану, психологиялық және лингвистикалық тұрғыдан қарастыратын көпқырлы зерттеулер жүргізу маңызды. Сонымен қатар, жаңа әдіснамалық тәсілдерді енгізу арқылы авторлық ұстанымды талдау және шығармашылық ерекшеліктерді анықтау мүмкіндіктері кеңейе түседі.

Жыл бойынша




Сурет 1. Түрме әдебиеті бойынша зерттеу жұмыстарының хронологиялық сызбасы

Түрме әдебиетінің мазмұны мен құрылымдық ерекшеліктерін зерделеу барысында оның түрлі ғылым салаларымен өзара тығыз байланыста дамитынын байқауға болады (2-сурет).


Түрме әдебиетіндегі авторлық ұстаным мен шығармашылық ерекшеліктерді зерттеу бойынша ең көп еңбектер өнер және гуманитарлық ғылымдар саласына (65) тиесілі. Бұл жағдайдың өзіндік негізі бар, себебі түрме әдебиеті мен өнер өзара тығыз байланысты, өйткені екі сала да шығармашылық ізденіс пен эстетикалық құндылықтарға негізделген. Өнер саласында түрме әдебиетінің авторлық ұстанымы мен шығармашылық ерекшеліктері көркемдік тәсілдерді, бейнелі сөздерді, метафораларды және символизмді зерттеуде маңызды рөл атқарады. Сонымен қатар, гуманитарлық ғылымдар түрме әдебиеті арқылы мәдени, тарихи және әлеуметтік мәселелерді талдаумен айналысады, ал авторлық ұстаным мен автобиографиялық сипат осы мәселелерді көркемдік тұрғыдан жеткізудің негізгі құралдары болып табылады. Одан кейін әлеуметтік ғылымдарда (63) әдебиет стилі қоғамның әлеуметтік құрылымдарын, билік қатынастарын және идеологияларын бейнелейтін құрал ретінде қарастырылады. Медицина саласында (7) түрме әдебиеті көбінесе психологиялық жағдайлар, физикалық және рухани сауықтыру, сондай-ақ түрме жүйесіндегі денсаулық сақтау мәселелерімен байланысты зерттеледі. Түрме әдебиетінің тілдік құрылымдарын, стилін және жазасын өтеушілердің психологиялық күйін түсіну, медициналық зерттеулерде түрме жағдайының денсаулыққа әсерін бағалауда маңызды рөл атқарады. Психология саласында (6) түрме әдебиеті жазасын өтеушілердің мінез-құлқын, ішкі дүниесін және психологиялық жай-күйін зерттеу үшін маңызды құрал болып табылады. Осы секілді түрме әдебиетінің стилі әртүрлі ғылыми бағыттарда кешенді түрде зерттеледі. Мұндай зерттеулер түрме әдебиетінің басқа ғылым салаларымен, мысалы, әлеуметтану,

психология, құқықтану, философия және тарих сияқты салалармен байланыстырып, оның қоғамдағы және ғылыми жүйедегі маңыздылығын тереңірек талдауға жол ашады.



Сурет 2. Түрме әдебиеті бойынша зерттеу жұмыстарының пәндік көрсеткіші

Scopus деректер базасында келтірілген зерттеу жұмыстарының негізінде жалпы көркем әдебиет стилін оқыту жұмысы бойынша Солтүстік Америка (39) көш бастап тұрғандығын байқай аламыз (3-сурет). Тақырып бойынша зерттеу жұмыстары әртүрлі елдерде жүргізілген, бірақ олардың саны кейбір елдерде өте аз екендігін де көріп отырмыз. Әр елдің зерттеу белсенділігі мен ғылыми жұмыстарына әсер ететін бірнеше факторлар болуы мүмкін. Солтүстік Америка кейінгі орында Еуропа – 30 зерттеу. Ал қалған Африка (5), Азия (4), Австралия (3), Оңтүстік Америка (1) елдерінде түрме әдебиетіне қатысты ғылыми зерттеу жұмыстары салыстырмалы түрде аз жүргізілгендігін байқай аламыз. Зерттеулердің 13-інің географиялық аймағы көрсетілмеген. Қазақстан бойынша да Scopus деректер базасында келтірілген зерттеу табылмады. Сондықтан тақырыптың өзекті, зерттеуді қажет екендігін айтуға толық негіз бар.



Сурет 3. Түрме әдебиеті бойынша зерттеу жұмыстарының географиялық көрсеткіші

RQ2. Түрме әдебиетіндегі авторлық ұстаным қандай көркемдік ерекшеліктер арқылы байқалады және автобиографиялық сипаттың әдеби-көркемдік маңызы қандай?

Түрме әдебиеті – саяси, әлеуметтік және мәдени контексті қамтитын ерекше әдеби жанр. Түрлі елдерде пайда болған түрме әдебиеті авторлық ұстанымдарды әртүрлі көркемдік ерекшеліктер арқылы жеткізеді. Түрме әдебиеті түрлі тарихи, саяси және әлеуметтік контекстерде дамығанымен, олардың ортақ белгілері бар.

Жүйелі шолу мақаласында қарастырылған 11 мақалада авторлық ұстаным баяндау тәсілдері, кейіпкер бейнесі, көркемдік стиль және бостандыққа ұмтылу идеялары арқылы беріледі. Бұл зерттеу түрме әдебиетінің әдебиеттанудағы орны мен әлеуметтік маңыздылығын жүйелі түрде түсіндіруге көмектеседі. Палестина, Иран және Түркия түрме әдебиетінде саяси қарсылық пен әділетсіздікке қарсы күрес негізгі тақырып ретінде қарастырылса, АҚШ түрме әдебиетінде білім мен өзін-өзі жетілдіру құндылығы алдыңғы қатарға шығады. Оңтүстік Африка түрме әдебиеті поэзия мен философиялық рефлексияларға негізделсе, ІСТҮ түрме әдебиеті авторларды өзін-өзі ақтау құралы ретінде пайдаланған.

Түрме әдебиетінде қолданылатын баяндау тәсілдері автордың көзқарасын жеткізудің негізгі құралы болып табылады. Палестиналық түрме әдебиетінде (Махмуд Иса) бәрін білетін (омнипотентті) баяндаушы арқылы оқиғалар толық қамтылып, кейіпкерлердің ішкі жан дүниесі ашылады. Бұл тәсіл автордың қарсылық пен әділетсіздікке деген көзқарасын нақты көрсетеді (Igbaria & Jaber, 2015). Ал Түрік түрме әдебиетінде (Селахаттин Демирташ) сатира мен юмор қолданылады. Жазушы түрме жағдайының ауырлығын жеңілдетіп, репрессивті жүйені астарлы түрде әшкерелейді (Mignon, 2024). Иран түрме прозасында (Ali Dashti, Bozorg ‘Alavi, Reza Baraheni) автобиографиялық баяндау басым. Жазушылар өз бастан кешкендерін сипаттау арқылы түрмедегі саяси репрессияның көркемдік бейнесін жасайды (Gould, 2015). АҚШ түрме әдебиетінде (Малкольм Икс, Этеридж Найт) білім мен сауаттылық түрмеден құтылудың жолы ретінде көрсетіледі. Бұл авторлар түрме саясатының адамдардың интеллектуалдық дамуына тигізетін әсерін ашады (Owens-Murphy, 2023). Оңтүстік Африка түрме әдебиетінде (Деннис Брутис, Брейтен Брейтенбах) поэтикалық қарсылық пен автобиографиялық-философиялық рефлексиялар ерекше орын алады. Авторлар түрмені саяси күрестің алаңы ретінде сипаттайды (Lewis, 2020). ІСТҮ трибуналында сотталған соғыс қылмыскерлерінің шығармалары өзін-өзі ақтау және саяси аргументтерді дәлелдеу құралы ретінде көрініс табады (Petrovic, 2018).

Авторлық ұстаным тек баяндау тәсілдері арқылы ғана емес, сонымен қатар әдеби стиль мен көркемдік әдістер арқылы да көрсетіледі. Палестиналық әдебиетте символизм, метафора, интертекстуалдылық кеңінен қолданылады. Әдебиет арқылы саяси қарсылық пен азаттық идеясы көрсетіледі. Түрік түрме әдебиетінде сатира мен гротеск басты ерекшеліктер болып табылады. Бұл тәсіл биліктің шынайы бет-бейнесін көрсетуге мүмкіндік береді. Иран түрме әдебиетінде фрагменттелген баяндау, тарихи шегіністер, автобиографиялық реализм кең таралған. Тіл мен әдеби форма арқылы түрмедегі репрессия мен азаптау сипатталады. АҚШ түрме әдебиетінде түрме білім мен өзін-өзі жетілдіру орны ретінде суреттеледі. Білімділік еркіндікке жетудің құралы ретінде сипатталады.

Оңтүстік Африка түрме әдебиетінде лирикалық стиль мен философиялық рефлексиялар басым. Поэзия арқылы саяси күрес пен гуманизм идеясы бейнеленеді

(Lewis, 2020). Палестиналық әдебиетте кейіпкердің психологиялық әлемі оның жеке саяси күресімен қатар беріледі. Түрік әдебиетінде кейіпкерлер көбінесе ирония мен гротеск арқылы бейнеленіп, қоғамдағы әділетсіздікке назар аударылады. Иран әдебиетінде кейіпкерлер азаптау, тергеу және қудалау процестерінен өтіп, биліктің шынайы бет-бейнесін ашады. Оңтүстік Африка түрме әдебиетінде өлім жазасына кесілген кейіпкерлердің психологиялық күйі ерекше тереңдетіліп көрсетіледі. АҚШ түрме әдебиетінде сауаттылық пен өзін-өзі дамыту негізгі құндылық ретінде сипатталады. Барлық түрме әдебиетінде авторлар бостандыққа деген құштарлық пен әділетсіздікке қарсылық тақырыптарын көтереді. Палестина мен Иран әдебиетінде түрме саяси қарсылықтың символы ретінде сипатталады. АҚШ әдебиетінде түрме білім алу мен өзін-өзі дамыту орны ретінде бейнеленеді. Түрік әдебиетінде түрме саяси репрессияның құралы болып көрінеді, ал авторлар сатира арқылы жүйені әшкерелейді. Оңтүстік Африка түрме әдебиетінде түрме апартеидке қарсы күрестің негізгі алаңы ретінде бейнеленеді. ІСТҮ трибуналындағы түрме әдебиетінде түрме өзін-өзі ақтау мен тарихи оқиғаларды бұрмалау құралы ретінде қолданылады.

Түрме әдебиетіндегі автобиографиялық сипат – автордың жеке тәжірибесіне негізделген шынайы баяндау тәсілі ретінде әдеби туындыларға эмоциялық тереңдік пен сенімділік береді. Түрлі елдер әдебиетінде бұл сипат саяси репрессия, әділетсіздік, азаптау, жалғыздық секілді күрделі тақырыптарды көркем түрде жеткізудің маңызды құралына айналған. Мәселен, палестиналық Махмуд Исаның «Сабирдің хикаясы» және ирандық Vozorg Alavi мен Reza Baraheni шығармаларында автобиографиялық баяндау арқылы репрессиялық жүйелердің шынайы бет-бейнесі ашылып, тарихи оқиғалардың әлеуметтік-саяси контексте түсіндірілуіне жол ашылады. Бұл туындыларда куәгерлік пен естеліктер негізгі баяндау формасы ретінде көркемдікпен үйлесім табады.

Түрме әдебиеті – репрессия жағдайындағы тұлғаның ішкі еркіндігін сақтап қалу мен қарсылық білдіруінің көркем көрінісі. Бұл кеңістікте қалыптасқан авторлық ұстаным көбіне әділетсіз жүйеге қарсы моральдық, саяси немесе діни позицияны білдіреді. Мартин Лютер Кингтің «Бирмингем түрмесінен хаты», Нгуги уа Тионго мен Уоле Соинканың күнделікті жазбалары автордың жеке тағдыры арқылы езілген халықтың үнін жеткізетін, зорлық-зомбылықсыз күреске негізделген көркем мәтіндерге айналған (Bolat & Ekler, 2024).

Ерте жаңа дәуірдегі әйелдер, әсіресе Анна Болейн, Джейн Грей және Елизавета Тюдор, түрмеде жазған маргиналиялар арқылы өз саяси және рухани ұстанымдарын білдірген. Бұл жазбалар – аннотация, өлең және символика арқылы көркем қарсылық білдірудің тәсілі (Smith, 2019). Олардың мәтіндері түрме мен еркіндік арасындағы шекараны шебер бұзып, шеткі жазба кеңістігін авторлық әрекетке айналдырған.

Бразилияда жүзеге асқан «Өлеңге құқық» жобасы да түрмеде отырған тұлғалар үшін әдеби шығармашылықтың әлеуметтік және субъективті мәнін аша түседі. Жоба аясында жазылған поэзиялар – тұтқынның өз-өзімен және қоғаммен диалог орнату амалы, авторлық субъектілікті қалпына келтіру әрекеті (Togges, 2020).

Автобиографиялық сипат кей елдерде философиялық, поэтикалық немесе сатиралық формалармен толықтырылады. Мысалы, Оңтүстік Африка әдебиетінде (Деннис Брутис, Брейтен Брейтенбах) түрме шындығы поэтикалық және философиялық тұрғыда бейнеленіп, рухани еркіндікке ұмтылыстың көркем формасы ретінде беріледі. Ал түрік жазушысы Селахаттин Демирташ автобиографиялық баяндауды сатиралық стильмен үйлестіріп, репрессия мен әлеуметтік әділетсіздікке астарлы

сын айтады. Бұл туындыларда түрме өмірі жеке адамның ішкі жан дүниесін ашуға, қоғаммен байланысын көрсететін көркемдік құралға айналған. Әрбір баяндау формасы оқырманды ойға жетелеп, тұтқынның рухани күйін түсінуге мүмкіндік береді. Батыс әлемінде автобиографиялық сипат өзін-өзі жетілдіру мен тарихи нарративке айналады (Colvin, 2015). АҚШ түрме әдебиетінде (Малкольм Икс) түрме – рухани жаңғыру мен білім арқылы бостандыққа жету жолы ретінде суреттелсе, ІСТҮ трибуналы аясындағы жазбаларда автобиографиялық сипат өзін-өзі ақтау мен тарихи оқиғаларды қайта жазу амалы ретінде қолданылады. Бұл ретте, автобиографиялық элементтер саяси идеология құралы ретінде де көрініс табады. Осылайша, әртүрлі елдердің түрме әдебиетінде автобиографиялық баяндау белгілі бір тарихи-мәдени және әлеуметтік-саяси контексте әрқилы мағынаға ие болып, әдебиеттің көркемдік әрі қоғамдық қызметін арттырады (2-кесте).

Кесте 2. Түрме әдебиетіндегі автобиографиялық сипаттың ұлттық контекстер бойынша ерекшеліктері

Топ	Елдер	Негізгі сипаттамалары
1. Саяси репрессия мен куәгерлік	Палестина, Иран	Түрмедегі әділетсіздік пен азаптауды автобиографиялық баяндау арқылы жеткізеді; естелік пен тарихи куәлікке негізделген.
2. Сатира және әлеуметтік сын	Түркия	Автобиографиялық баяндау сатирамен астасып, репрессия мен әлеуметтік әділетсіздікке қатысты астарлы сын береді.
3. Рухани-эстетикалық рефлексия	Оңтүстік Африка	Поэтикалық және философиялық баяндау арқылы түрмедегі рухани ізденіс, жалғыздық пен еркіндікке ұмтылыс суреттеледі.
4. Өзін-өзі жетілдіру және тәрбие	АҚШ	Автобиографиялық баяндау – білім алу мен рухани даму құралы; әлеуметтік мотивация көзі.
5. Тарихи интерпретация және саяси ақталу	ІСТҮ трибуналы (Югославия)	Автобиографиялық сипат – өзін-өзі ақтау мен тарихи оқиғаларды қайта жазу амалы ретінде қолданылады.

Барлық зерттелген мәтіндерде автобиографиялық сипат көркем шынайылық пен ішкі жан күйзелісін жеткізудің шешуші тетігіне айналған. Түрме кеңістігі шектеулі болғанымен, авторлық еркіндік пен көркем ой тереңдігі бұл шекараны бұзады. Жазу әрекеті – еркіндікке ұмтылыстың әдеби дәлелі.

RQ3. Түрме жазушыларының шығармаларында қолданылатын әдеби стильдер мен баяндау құрылымдары қандай?

Түрме жазушыларының шығармаларында әдеби стиль мен баяндау құрылымы түрме жағдайының әсерінен ерекше сипатқа ие болады. Түрлі елдердегі жазушылар автобиографиялық баяндау, символизм, интертекстуалдылық, поэзиялық стиль, фрагменттелген құрылым сияқты әдеби әдістерді қолдана отырып, өздерінің шығармашылық тәсілдерін қалыптастырады. Бұл жүйелі шолу мақаласында (зерттеуде) АҚШ, Палестина, Түркия, Иран, Оңтүстік Африка және бұрынғы Югославия түрме әдебиеттеріндегі әдеби стильдер мен баяндау құрылымдары салыстырмалы түрде қарастырылады (3-кесте).

Кесте 3. Түрме жазушылары қолданатын негізгі әдеби стильдер

Әдеби стиль	Ерекшеліктер	Қолданылатын елдер
Автобиографиялық баяндау	Жеке тәжірибе мен куәгерлік нарратив	Палестина, Иран, АҚШ, Түркия
Символизм және аллегория	Астарлы мағына, цензурадан айналып өту	Палестина, Иран, Түркия
Сатира және гротеск	Түрме жүйесін сынға алу, репрессияны әшкерелеу	Түркия
Поэтикалық стиль	Лирикалық бейнелер арқылы эмоционалды әсер беру	Оңтүстік Африка
Документалистика мен реализм	Түрме өмірін дәл сипаттау	АҚШ, Югославия
Философиялық және экзистенциалистік ой-толғамдар	Түрме мен бостандық мәселесін терең қарастыру	Оңтүстік Африка
Көпдауыстылық (полифониялық баяндау)	Түрлі көзқарастардың берілуі	Палестина

Түрме әдебиеті – түрлі елдердегі саяси, әлеуметтік және мәдени контекст аясында қалыптасқан көркемдік құбылыс. Түрмеде жазылған шығармаларда тек тұтқындалу жағдайы емес, сонымен қатар адамның рухани болмысы, қоғамға көзқарасы мен ішкі жан дүниесінің драмасы көрініс табады. Бұл әдебиеттің жанрлық сипаты, баяндау құрылымы мен көркемдік тәсілдері елге, автордың өмірлік тәжірибесіне, саяси жүйеге және әдеби дәстүрге байланысты әртүрлі сипат алады. Осы мақалада палестиналық, түрік, иран, АҚШ, Оңтүстік Африка және ІСТҮ трибуналына қатысты түрме әдебиетінің негізгі белгілері салыстырылып, олардың ұқсастықтары мен ерекшеліктері қарастырылады.

Біріншіден, барлық әдебиеттерде түрме тек қана физикалық шектеу орны емес, рухани күрес кеңістігі ретінде бейнеленеді. Мысалы, палестиналық Махмуд Иса мен Оңтүстік Африкалық Брейтен Брейтенбах шығармаларында түрме ішкі еркіндік пен рухани төзімділік алаңы ретінде көрініс табады (Cali, 2024). АҚШ-тың Малкольм Икс сияқты авторлары да түрмені өзін-өзі дамыту мектебі ретінде көрсетеді.

Екіншіден, символизм мен астарлы мағынада сөйлеу – көптеген түрме әдебиеттеріне тән ортақ ерекшелік. Палестиналық, ирандық және оңтүстік африкалық шығармаларда түрме өмірі тікелей емес, символдар мен метафоралар арқылы беріледі. Бұл тәсіл цензураны айналып өтудің немесе оқырманға тереңірек әсер етудің бір құралы ретінде қызмет етеді.

Үшіншіден, уақыт пен кеңістіктің бұзылған құрылымы Иран мен Оңтүстік Африка әдебиеттерінде айқын байқалады. Фрагменттелген баяндау, күнделік пен хат формалары арқылы оқиға үзінділер түрінде беріледі. Бұл әдіс тұтқынның ішкі жан әлеміндегі хаосты, белгісіздікті дәл сипаттауға мүмкіндік береді.

Тағы бір ортақ сипат – саяси контексті көркем құралдармен жеткізу. ІСТҮ трибуналындағы жазбалар мен палестиналық әдебиетте түрме жай ғана жеке бастың тарихы емес, тұтас ұлттың трагедиясы мен күресінің көрінісі ретінде көрінеді (Petrovic, 2018).

Ал, ерекшеліктеріне келер болсақ, әрбір елдің түрме әдебиетінде өзіне тән ұлттық стиль мен көркемдік ерекшелік бар. Мәселен, палестиналық әдебиетте полифония мен символизмге басымдық берілсе, түрік әдебиетінде сатира мен ирония алдыңғы орынға шығады. Селухаттин Демирташтың шығармаларында гротеск пен юмор арқылы түрме

шындығының абсурдтығы бейнеленеді. Бұл тәсіл түрме өмірін жеңілдетіп көрсету үшін емес, оның күлкілі, бірақ қайғылы парадокстарын айқындау үшін қолданылған (Mignon, 2024).

Иран әдебиетінде фрагменттелген құрылым мен аллегориялық баяндау кең таралған. Бұл елдің әдебиетінде цензура мен репрессия жағдайында ойды ашық жеткізудің мүмкін еместігі жазушыларды метафораға, аллегорияға жүгінуге мәжбүрлеген. Bozorg Alavi мен Reza Baraheni-дің шығармаларында уақыт пен кеңістік ретсіз беріліп, оқырман оқиға желісін жинақтап қабылдауға мәжбүр болады (Gould, 2015).

АҚШ түрме әдебиеті басқаларынан дараланып тұрады. Мұнда баяндау көбіне автобиографиялық сипатта болып, дидактикалық мәнге ие. Малкольм Икс пен Этеридж Найттың туындылары тұтқынның өзін-өзі тануы мен білім алуы арқылы жаңа болмысқа жету жолын сипаттайды. Әлеуметтік теңсіздік, нәсілдік кемсітушілік пен рухани өсу басты тақырыптар ретінде көрінеді (Owens-Murphy, 2023).

Оңтүстік Африкада, әсіресе апартеидке қарсы күрес кезеңінде түрме әдебиеті лирикалық және философиялық сипат алды. Деннис Брутис пен Брейтен Брейтенбах поэзия арқылы түрмедегі өмірді ғана емес, сол жағдайдағы адам болмысының терең қырларын жеткізе алды. Экзистенциалистік ой-толғамдар мен метафоралар бостандық пен қамау арасындағы философиялық шекараны ашып көрсетеді. Ал ІСТҮ трибуналына қатысты түрме жазбалары ерекше сипатқа ие. Бұл әдебиет түрмедегі адамның жеке тәжірибесінен гөрі саяси риторикаға, тарихи интерпретацияға және өзін-өзі ақтауға бағытталған. Мұнда құжаттық дәлдік пен мемуарлық элементтер қатар қолданылып, авторлар өздерін идеологиялық тұрғыдан қорғауға тырысады (Petrovic, 2018).

Түрме әдебиетінде қолданылатын әдеби стильдер мен баяндау құрылымдары көбінесе авторлардың тарихи, саяси және мәдени жағдайларына тәуелді қалыптасады. Әрбір жазушы түрмедегі жеке тәжірибесін белгілі бір көркемдік құралдар арқылы бейнелей отырып, өзінің ішкі дүниесін ғана емес, сонымен қатар сол қоғамдағы саяси ахуалды да ашып көрсетеді. Осы тұрғыда түрме әдебиетіндегі негізгі стильдік бағыттар мен баяндау құрылымдарын салыстырмалы түрде талдау маңызды.

Палестина мен Иран әдебиеттерінде полифониялық баяндау мен символизм басым қолданылады. Бұл елдерде түрме жай ғана жазалау орны емес, ұлттың күресін, еркіндікке ұмтылысын бейнелейтін кеңістік ретінде сипатталады. Бірнеше кейіпкердің көзімен берілген оқиға желісі (полифония) мен терең мағынаға толы символдар арқылы тұтқын өмірінің ішкі күрделілігі мен үміті бейнеленеді. Метафора мен астарлы бейнелер бұл елдердегі цензура жағдайында авторларға шындықты жанама түрде жеткізуге мүмкіндік береді.

Түрік түрме әдебиетінде сатира мен ирониялық баяндау басым. Мұндағы авторлар гротеск пен юморды пайдалану арқылы түрме өмірінің абсурдтығын, бюрократиялық жүйенің қисынсыздығын бейнелейді. Селахаттин Демирташтың шығармаларында диалог пен ирония түрме шындығына шынайы әрі өткір көзқараспен қарауға мүмкіндік береді. Бұл тәсіл тұтқынның жанайқайын жеңіл формада, бірақ терең мазмұнмен жеткізудің тиімді жолы ретінде қолданылады (Mignon, 2024).

АҚШ түрме әдебиеті басқа ұлттық үлгілерден ерекше — мұнда реализм мен автобиографиялық баяндау алдыңғы қатарда. Малкольм Икс пен Этеридж Найт сияқты авторлар өз бастарынан кешкен түрме тәжірибесін нақты, деректі оқиғалар арқылы сипаттайды. Бұл шығармаларда өзін-өзі тану, рухани ояну, білім арқылы жаңа өмірге

бет бұру сияқты тақырыптар кеңінен өрбиді. Түрме тек жазаның орны емес, өзгерудің, өкірудің және жаңарудың алаңы ретінде көрінеді (Owens-Murphy, 2023).

Оңтүстік Африка түрме әдебиетінде поэтикалық стиль мен философиялық ой-толғамдар ерекше орын алады. Бұл аймақтағы әдебиет көбінесе поэзия арқылы жеткізіледі, түрме жағдайы – адам еркіндігі мен ар-ожданын философиялық тұрғыдан пайымдауға мүмкіндік беретін кеңістік. Деннис Брутис пен Брейтен Брейтенбахтың туындыларында түрме мен бостандықтың арасындағы шекара тек физикалық емес, рухани категория ретінде қарастырылады.

ІСТҮ трибуналының түрме әдебиеті — документалистика мен саяси риторикаға негізделген ерекше бағыт. Мұндағы жазушылар өздерін ақтау, тарихи оқиғаларды қайта интерпретациялау, саяси көзқарасын дәлелдеу мақсатын көздейді (Petrovic, 2018). Мемуарлық баяндау, құжаттық дәлдік пен идеологиялық ұстанымдар арқылы жазылған бұл шығармаларда түрме жазушының жеке драмасынан гөрі, саяси ұстанымның трибунасына айналады (4-кесте).

Кесте 4. Түрме әдебиетінде қолданылатын әдеби құрылымдар

Әдеби құрылым	Ерекшеліктер	Қолданылатын елдер
Полифониялық баяндау	Түрлі кейіпкерлердің көзқарастарын беру	Палестина
Фрагменттелген құрылым	Оқиға желісінің үздіксіз болмауы, уақыттық секірулер	Иран
Метафоралық құрылым	Символизм, аллегориялық бейнелеу	Оңтүстік Африка, Иран
Диалогтық баяндау	Кейіпкерлер арасындағы қарым-қатынасты көрсету	Түркия
Документалистика	Шынайы оқиғаларға негізделген баяндау	АҚШ, Югославия
Лирикалық баяндау	Поэтикалық стиль, эмоционалды тереңдік	Оңтүстік Африка
Өзін-өзі ақтау риторикасы	Түрме жағдайының саяси интерпретациясы	Югославия (ІСТҮ)

Мартин Лютер Кингтің «Бирмингем түрмесінен хаты» құрылымдық жағынан эпистолярлық жанрға жатса да, риторикалық тәсілдердің молдығымен ерекшеленеді. Хат формасы диалогтық бағытта құрылған: Кинг оппоненттерінің уәждерін келтіре отырып, оларға моральдық, діни және құқықтық аргументтермен жауап береді. Бұл тәсіл оның мәтінін тек саяси үндеу емес, сонымен қатар публицистикалық және философиялық эссе ретінде де қарастыруға мүмкіндік береді (Bolat & Ekler, 2024).

Нуги уа Тионгоның түрмелік күнделігі – автобиографиялық прозаның және деректі очерктің синтезі. Оның жазбалары сыни реализм стилінде құрылған: ол түрме кеңістігін егжей-тегжейлі сипаттай отырып, отарлық тәртіптің логикасын ашып көрсетеді. Бұл мәтінде хронотоп айқын – күнделікті тәртіп, күзет, тергеулер мен тұтқындардың арақатынасы нақты уақыт пен кеңістікке байланған. Жазушы баяндауды біртіндеп ішкі рефлексияға ауыстыра отырып, тұтқындалу актісін ұлттық күрес контексіне қосады (Bolat & Ekler, 2024).

Уоле Соинкада да осы үрдіс сақталады, алайда ол көбіне экспрессионистік стильді қолданады. Соинканың жазбалары ішкі монологқа, фрагменттелген құрылым мен психологиялық күйзеліс көріністеріне толы. Оның мәтіні лирикалық әрі фрагментарлық сипатта: жеке естеліктер, түстер, ассоциациялар арқылы түрмеде өтетін уақыт пен

сананың бөлшектенуін бейнелейді. Бұл тәсіл оқырманды түрме ішіндегі уақыт пен сезімнің субъективті қабылдануына жақындатады.

Ерте жаңа дәуірдегі әйел жазушылары – Анна Болейн, Джейн Грей және Елизавета Тюдор – түрме жағдайында дәстүрлі баяндау құрылымынан тыс, маргинальді жазу тәсілін қолданған. Олар қолданған маргиналиялар, аннотациялар мен қысқа өлеңдер жеке эмоцияны және діни сенімді тұспалдап білдірудің бейвербалды тәсілі ретінде көрінеді. Мұнда мәтіннің құрылымы фрагментті, шеткі және көпқабатты: негізгі діни мәтін мен жазушының жеке жазбасы қатар орналасып, мағыналық қабаттарды көбейтеді (Smith, 2019). Бұл авторлар жазуды материалдық бетте (кітап шеті, миниатюра маңы, бос парақтар) жүзеге асыра отырып, көркемдік пен ритуалдық форманы ұштастырған.

Латынамерикалық «Өлеңге құқық» жобасы аясында жазылған түрме поэзиялары постмодернистік фрагментация мен коллективтік баяндау ерекшеліктеріне ие. Бұл мәтіндерде вернакуляр тіл, ауызекі сөйлеу, символизм және көпқырлы ішкі ритмдер жиі кездеседі. Авторлық «мен» көбіне әлеуметтік «бізге» ұласып, ұжымдық жарақат пен үмітті ортақ тәжірибе түрінде көрсетеді (Torres, 2020).

Осылайша, түрме әдебиетінде қолданылатын әдеби стильдер мен баяндау құрылымдары әр елдің мәдени, саяси және тарихи ерекшеліктерімен тығыз байланысты. Полифония мен символизм, ирония мен сатира, автобиографиялық баяндау, поэтикалық-философиялық тереңдік немесе саяси-документалистік сипат — барлығы да жазушылардың түрме шындығын бейнелеудегі көркемдік шешімдерінің көптүрлілігін көрсетеді. Бұл көптүрлілік түрме әдебиетін тек саяси қарсылық құралы ретінде ғана емес, сонымен қатар әдеби үдерістің маңызды бағыты ретінде тануға мүмкіндік береді.

RQ4. Түрме жазбаларының қоғамға ықпалы қандай және олар әдебиетте қандай орын алады?

Түрме әдебиеті – қоғамның саяси, әлеуметтік және мәдени өміріндегі маңызды мәселелерді көтеретін ерекше жанр болып табылады. Түрмеде жазылған шығармалар авторлардың жеке бастан кешкен қиындықтарын ғана емес, қоғамдағы әділетсіздік, қуғын-сүргін, адам құқықтарының бұзылуы, бостандық пен рухани төзімділік мәселелерін бейнелейді. Бұл шығармалар түрмеге қамау жағдайындағы адамдардың ішкі дүниесі мен жеке тұлғасының қалыптасуын зерттеуге мүмкіндік береді, әрі ол қоғамдағы өзекті мәселелерге назар аудартады.

Түрме жазбаларының қоғамға ықпалы. Түрме әдебиеті өз уақытында қоғамның саяси, әлеуметтік және құқықтық жағдайына үлкен ықпал етті. Бұл ықпал түрлі аспектілерде көрінді, оның ішінде қоғамдық сана мен тарихи жадты қалыптастыру, әділеттілік пен адам құқықтарын қорғау қозғалыстарын ынталандыру, саяси және әлеуметтік өзгерістерге ықпал ету, қоғамдық дискурсты қалыптастыру мәселелері ерекше орын алды.

- Қоғамдық сана мен тарихи жадты қалыптастыру: Түрме жазбалары белгілі бір саяси қудалау мен репрессиялардың айғағы болып табылады. Бұл шығармалар қоғамның белгілі бір тарихи кезеңдерде орын алған оқиғаларды бейнелеп, өткенді түсінуге мүмкіндік береді. Мысалы, Палестина мен Иранның түрме әдебиеті қоғамдық санаға ықпал етіп, тұтқындардың болмысын, олардың рухани азаптарын ашады.

- Әділеттілік пен адам құқықтарын қорғау қозғалысына ықпал ету: Түрме әдебиеті көптеген елдерде әділеттілік пен адам құқықтарын қорғау қозғалыстарының

бастамашысы болды. Түрмеде жазылған шығармалар қоғамда түрмедегі адамдардың құқықтарын қорғау қажеттігін ұғындырып, оларды қорғау үшін қоғамдық пікірді қалыптастырды. АҚШ-тағы түрме әдебиеті түрме реформаларын жүргізу және афроамерикалықтардың құқықтарын қорғау үшін маңызды рөл атқарды.

- Саяси және әлеуметтік өзгерістерге әсер ету: Түрме жазбалары көптеген елдерде саяси режимдерге қарсы қарсылықтың құралына айналды. Бұл шығармалар тоталитарлық билікке қарсы қозғалыстарды күшейтіп, кейбір елдерде саяси өзгерістерге ықпал етті. Оңтүстік Африкадағы түрме әдебиеті апартеидке қарсы күресте маңызды рөл атқарып, Нельсон Манделаның түрмеден босатылуына себепкер болды (Cali, 2024).

- Қоғамдық дискурсқа ықпал ету: Түрме әдебиеті арқылы қоғамда еркіндік, әділеттілік және мемлекеттің билікке қатынасы туралы жаңа пікірлер қалыптасты. Кейбір шығармалар қоғамдық пікірталастарға үлкен ықпал етіп, әдеби канонның бір бөлігіне айналды. Түркиядағы түрме әдебиеті саяси репрессия мен демократиялық реформаларға шақырды (Torres, 2020).

Мартин Лютер Кингтің «Бирмингем түрмесінен хаты» АҚШ-тағы азаматтық құқықтар қозғалысына моральдық негіз беріп, заңдық және діни дәлелдер арқылы қоғамдық пікірді өзгертуге әсер етті (Bolat & Ekler, 2024). Нгуги мен Соинка шығармалары отарлық езгінің шындығын ашып, африкалық азаттық қозғалыстарына рухани серпін берді. Бұл мәтіндер тек әдеби туынды ғана емес, қоғамдық санаға ықпал ететін саяси құжат дәрежесіне дейін көтерілді.

Ерте жаңа дәуірдегі әйелдердің түрме жазбалары – патриархалды билікке символдық қарсылықтың үлгісі. Олар әйел дауысының әдебиетте сақталып, кейінгі кезеңдерге жетуіне ықпал етті (Smith, 2019). Ал Латын Америкасындағы түрме поэзиялары шеттетілген қауымдастықтардың тілін, сезімін, үмітін әдеби кеңістікке енгізіп, қоғамның ең маргиналды топтарына мәдени көрінуге мүмкіндік берді (Torres, 2020).

Түрлі елдердегі түрме әдебиетінің қоғамға ықпалы. Түрме әдебиетінің әлемдік деңгейде қоғамға ықпалы әртүрлі тарихи және саяси контекстерде әртүрлі болды. Әрбір елдің түрме әдебиеті өзіне тән ерекшеліктері мен ықпалын көрсетті.

- Палестина: Палестиналық түрме әдебиеті Израиль-Палестина қақтығысында әділетсіздікке қарсы наразылықты күшейтті. Махмуд Исаның «Сабирдің хикаясы» сияқты шығармалар палестиналық ұлт-азаттық қозғалысына үлкен әсер етті, халықаралық деңгейде адам құқықтары мен саяси тұтқындардың мәселесін көтерді (Igbaria & Jaber, 2015).

- Түркия: Түрік түрме әдебиеті саяси репрессия мен түрме жүйесінің әділетсіздігін ашық түрде көрсетті. Селахаттин Демирташ шығармаларында түрмедегі жағдайлар мен саяси қудалауға қарсылық көрсетілді, бұл шығармалар қоғамда демократиялық реформаларға шақыруды көтерді (Mignon, 2024).

- Иран: Иран түрме әдебиеті саяси репрессия құрбандарының шынайы дауысы ретінде қабылданды. Vozorg 'Alavi және Reza Baraheni шығармаларында түрмедегі азаптаулар мен саяси қуғын-сүргін мәселелері көтерілді, бұл шығармалар билікке қарсы интеллектуалды қарсылықтың символына айналды (Gould, 2015).

- АҚШ: АҚШ-та түрме әдебиеті түрме реформаларын жүргізу және әлеуметтік теңдік мәселелерін көтеру үшін маңызды рөл атқарды. Малкольм Икс пен Этеридж Найт сияқты жазушылардың шығармалары түрме жүйесіндегі әділетсіздікті ашып көрсетті (Owens-Murphy, 2023).

- Оңтүстік Африка: Оңтүстік Африкадағы түрме әдебиеті апартеидке қарсы күреске ықпал етті. Деннис Брутис пен Брейтен Брейтенбах шығармалары халықаралық қауымдастықтың назарын Оңтүстік Африкадағы адам құқықтарының бұзылуына аударды.

Түрме әдебиетінің әдебиеттегі орны. Түрме әдебиеті әдеби канонның ажырамас бөлігіне айналып, оның орны әдебиетте бірнеше деңгейде көрінеді.

- Әдеби канондағы орны: Түрме әдебиеті классикалық әдеби шығармалар ретінде қабылданып, саяси диссиденттік әдебиет пен революциялық әдебиеттің ажырамас бөлігі болды. Кейбір түрме шығармалары әдеби канонға енді және қоғамдық пікірді қалыптастыруда маңызды рөл атқарды.

- Жаңа әдеби жанрлардың қалыптасуы: Түрме әдебиеті жаңа жанрлардың пайда болуына ықпал етті. Түрме мемуарлары, саяси эсселер, түрмедегі поэзия сияқты жанрлар түрме әдебиетінің дамуы арқылы қалыптасты. Бұл жанрлар автобиографиялық әдебиеттің жаңа деңгейін танытты.

- Жазушылардың шығармашылық эволюциясы: Түрмеде жазылған шығармалар көптеген жазушылардың шығармашылық бағытын өзгертті. Түрмеден кейін олар қоғамға жаңа көзқарас ұсынды, ал олардың шығармашылығы әлем әдебиетіне елеулі ықпал етті.

Түрме әдебиеті әлемдік әдебиетте маңызды орын алады. Ол қоғамдық сана, саяси қозғалыстар, адам құқықтары және әдебиеттегі жаңа ағымдар үшін маңызды рөл атқарды. Түрме жазбалары әртүрлі елдерде саяси қарсылықтың құралы, әділеттілік пен адам құқықтарын қорғаудың құралы, сондай-ақ қоғамдағы маңызды өзгерістерді ынталандырудың құралы болып табылады. Түрме әдебиетінің әлемдік әдебиетке қосқан үлесі оның қоғамдық өзгерістерге ықпал ететін қуатты құрал екенін көрсетеді.

Қорытынды

Жүргізілген систематикалық шолу нәтижесінде түрме әдебиетіндегі авторлық ұстанымның, шығармашылық ерекшеліктердің және автобиографиялық сипаттың маңызы кешенді түрде талданды. 2015–2025 жылдар аралығындағы Scopus дерекқорына тіркелген ғылыми жарияланымдарға сүйене отырып, түрме әдебиетінің әлемдік зерттелу ауқымы мен негізгі даму үрдістері анықталды. Зерттеу нәтижелері Солтүстік Америка мен Еуропа елдерінде түрме әдебиетіне қызығушылықтың жоғары екенін, ал Азия, Африка және Оңтүстік Америка елдерінде зерттеулердің салыстырмалы түрде аз жүргізілгенін көрсетті.

Түрме әдебиетіндегі авторлық ұстаным түрлі әдеби стильдер мен баяндау тәсілдері арқылы көрініс тапқан: автобиографиялық баяндау, символизм, сатира, поэтикалық-философиялық рефлексиялар кеңінен қолданылған. Барлық елдердің әдеби тәжірибесінде түрме кеңістігі адамның рухани төзімділігі мен әділеттілікке деген ұмтылысын бейнелейтін негізгі символ ретінде көрініс берген. Автобиографиялық сипат шығармалардың шынайылығын арттырып, түрме әдебиетін қоғамдағы саяси, әлеуметтік әділетсіздіктерді ашып көрсетудің құралына айналдырғаны айқындалды.

Сонымен қатар, түрме әдебиеті қоғамдық сана қалыптастыруда, адам құқықтарын қорғау қозғалыстарында және саяси реформаларды ынталандыруда маңызды рөл атқарғаны байқалды. Әдебиет пен қоғам арасындағы байланыс түрме шығармалары арқылы тереңірек ашылып, әдеби үдерісте жаңа жанрлар мен стильдердің қалыптасуына ықпал еткен.

Алайда, бұл зерттеудің белгілі бір шектеулері бар. Біріншіден, шолу негізінен Scopus дерекқорындағы ағылшын және орыс тілдеріндегі 11 мақалаға сүйенді, сондықтан зерттеу спектрі салыстырмалы түрде шектеулі болды. Екіншіден, мақаланы жазу барысында Scopus және Web of Science платформаларына техникалық себептермен (уақытша қолжетімсіздікке байланысты) қолжетімділік мүмкін болмады. Бұл жағдай қосымша дереккөздерді қамтуға шектеу қойды. Үшіншіден, шолу соңғы онжылдықтағы (2015–2025) зерттеулерге негізделгендіктен, түрме әдебиетінің тарихи дамуының бұрынғы кезеңдері шектеулі қарастырылды.

Болашақта түрме әдебиетін зерттеуде дереккөздер аясын кеңейту, түрлі тілдердегі және өңірлердегі шығармаларды қамту, сондай-ақ пәнаралық тәсілдерді қолдану маңызды бағыттардың бірі болмақ. Түрме әдебиеті — еркіндік, әділеттілік және рухани төзімділік идеяларын көркем бейнелейтін ерекше әдеби-әлеуметтік феномен ретінде әдебиеттану ғылымында әрі қарай терең зерттеуді қажет ететін өзекті тақырып.

Мүдделер қақтығысы, алғыс айту және қаржыландыру туралы ақпарат

Мақала бойынша мүдделер қақтығысы жоқ.

Авторлардың қосқан үлесі

Бимұратқызы Ж. – материалды жинақтап, әдеби шолу жасады және мақаланы рәсімдеумен айналысты.

Тұяқбаев Ғ.Ә. – ғылыми-зерттеудің әдіс-тәсілдерін анықтап, жинақталған материалды талдады.

Әдебиеттер тізімі

Тоқтарбай, Е. (2021). Түрме әдебиеті: тарихы, кезеңдері және өкілдері. Нұр-Сұлтан, 2021. 245 б.

Call, R. (2024). «He will die in another way before he is dead». The violence of the prison system in «The Double Dying of an Ordinary Criminal» by Breyten Breytenbach. *RiCOGNIZIONI. Rivista Di Lingue E Letterature Straniere E Culture Moderne*, 11(22), 25–37. <https://ojs.unito.it/index.php/ricognizioni/article/view/11253>

Colvin, S. (2015). Why should criminology care about literary fiction? *Literature, life narratives and telling untellable stories. Punishment and Society*, 17(2), 211–229. <https://doi.org/10.1177/1462474515577152>

Ekler, O., Bolat, E. (2024). From Captivity to Liberty: A Study on the Prison Writings of Martin L. King, Ngugi and Soyinka. *Folklor/Edebiyat*, 30(117), 257–272. <https://doi.org/10.22559/FOLKLOR.2615>

Igbaria, K., & Jaber, S. A. (2022). Contemporary Palestinian Prison Literature: Hikāyat Şābir (Şābir's Story) by Maḥmūd Isā as a Case Study. *Journal of Language, Literature and Culture*, 69(2–3), 76–89. <https://doi.org/10.1080/20512856.2022.2157648>

Gould, R. R. (2017). Literature as a tribunal: the modern Iranian prose of incarceration. *Prose Studies*, 39(1), 19–38. <https://doi.org/10.1080/01440357.2017.1394637>

Lewis, S. (2020). Island Life: Dennis Brutus's Prison Experience and the Poetics of "Letters to Martha." *Research in African Literatures*, 51(2), 117–134. <https://doi.org/10.2979/reseafritelite.51.2.07>

Mignon, L. (2024). From Silvio Pellico to Selahattin Demirtaş: prison literature and literary polemics in Turkey. *Comparative Literature Studies*, 61(1), 33–48.

Owens-Murphy, K. (2023). Reading Behind Bars: Literacy and Survival in U.S. Prison Literature. *Humanities*, 12(1), 2. <https://doi.org/10.3390/h12010002>

Petrovic, V. (2018). The ICTY Library: War Criminals as Authors, Their Works as Sources. *International Criminal Justice Review*, 28(4), 333–348. <https://doi.org/10.1177/1057567718766221>

Smith, R. (2018). Narrow Confines: Marginalia, Devotional Books and the Prison in Early Modern Women's Writing. *Women's Writing*. 26(1), 35-52. <https://doi.org/10.1080/09699082.2019.1534581>

Torres, M.R.R., Checchia, C. (2020). Direito à poesia: creating openings in university, prison and literature. *Athenea Digital*, 20(3). e2674. <https://doi.org/10.5565/rev/athenea.2674>

Ж. Бимуратқызы*, Г.А.Туякбаев

Қызылординский университет имени Коркыт Ата, Қызылорда, Қазақстан

Тюремная литература: исследование, автобиографический характер и творческие особенности систематический обзор, выполненный по методу PRISMA

Аннотация. Статья направлена на анализ исследовательской активности, посвященной изучению авторской позиции и творческих особенностей в тюремной литературе. Проведен систематический анализ мировой динамики исследований тюремной литературы в период 2015-2025 г.г. В основе методологии обзора применялись принципы PRISMA. Полученные результаты служат основой для характеристики глобальных тенденций в изучении тюремной литературы и определения перспектив будущих исследований. Результаты исследования показали широкое распространение научных работ, посвященных тюремной литературе, в США и Великобритании, и их сравнительно меньшую изученность в Канаде, Румынии, странах Азии, Австралии и Африки. Данные показатели свидетельствуют о том, что научное исследование тюремной литературы все еще требует дальнейшего развития и углубления. Тюремная литература характеризуется как уникальное литературное направление, раскрывающее духовную стойкость и творческий потенциал человека в сложных жизненных ситуациях, а также проблемы социальной несправедливости в обществе. Исследования в этой области помогают определить роль тюремной литературы в отражении социальных и культурных явлений, ее влияние на улучшение системы правосудия, защиту прав человека и процесс реабилитации. Кроме того, тюремная литература занимает особое место в литературоведении, способствуя раскрытию взаимосвязей между литературой и обществом посредством анализа стилистических, содержательных и эстетических особенностей художественных произведений. Изучение тюремной литературы позволяет оценить вклад литературы в развитие и гуманизацию общества.

Ключевые слова: тюремная литература, авторская позиция, автобиографический характер, литературные стили, метод PRISMA.

Zh. Bimuratkyzy*, G.A. Tuyakbaev

Korkyt Ata Kyzylorda University, Kyzylorda, Kazakhstan

**Prison literature: study, autobiographical nature and creative specificity
systematics review article by the PRISMA method**

Abstract. The article aims to analyze research activity of the authorial position and creative features in prison literature. A systematic analysis of the global research dynamics of prison literature between 2015 and 2025 was conducted. The review methodology was based on PRISMA principles. The findings provide a foundation for characterizing global trends in prison literature research and identifying future research prospects. The results indicated a high prevalence of research on prison literature in the USA and the UK, compared to relatively limited research in Canada, Romania, Asia, Australia, and African countries. These indicators suggest that the study of prison literature still requires further development and in-depth exploration. The research helps determine the role of prison literature in reflecting socio-cultural phenomena and its impact on improving the justice system, human rights, and the rehabilitation process. Prison literature holds a distinctive place in literary studies, contributing to the understanding of interconnections between literature and society through the analysis of the stylistic, thematic, and

aesthetic features of literary works. The study enables the evaluation of the literature's contribution to the development and humanization of society.

Keywords: prison literature, authorial position, autobiographical character, literary styles, PRISMA method.

References

Toktarbay, E. (2021). Turme adebiyeti: tarihi, kezenderi zhane okilderi [Prison literature: history, periods and representatives]. Nur-Sultan: Alashorda Kogamdyk kory, 245 p. [in Kazakh]

Calì, R. (2024). «He will die in another way before he is dead». The violence of the prison system in «The Double Dying of an Ordinary Criminal» by Breyten Breytenbach. *RiCOGNIZIONI. Rivista Di Lingue E Letterature Straniere E Culture Moderne*, 11(22), 25–37. <https://ojs.unito.it/index.php/ricognizioni/article/view/11253>

Colvin, S. (2015). Why should criminology care about literary fiction? Literature, life narratives and telling untellable stories. *Punishment and Society*, 17(2), 211–229. <https://doi.org/10.1177/1462474515577152>

Ekler, O., Bolat, E. (2024). From Captivity to Liberty: A Study on the Prison Writings of Martin L. King, Ngugi and Soyinka. *Folklor/Edebiyat*, 30(117), 257–272. <https://doi.org/10.22559/FOLKLOR.2615>

Igbaria, K., & Jaber, S. A. (2022). Contemporary Palestinian Prison Literature: Hikāyat Şābir (Şābir's Story) by Maḥmūd Isā as a Case Study. *Journal of Language, Literature and Culture*, 69(2–3), 76–89. <https://doi.org/10.1080/20512856.2022.2157648>

Gould, R. R. (2017). Literature as a tribunal: the modern Iranian prose of incarceration. *Prose Studies*, 39(1), 19–38. <https://doi.org/10.1080/01440357.2017.1394637>

Lewis, S. (2020). Island Life: Dennis Brutus's Prison Experience and the Poetics of "Letters to Martha." *Research in African Literatures*, 51(2), 117–134. <https://doi.org/10.2979/reseafritelite.51.2.07>

Mignon, L. (2024). From Silvio Pellico to Selahattin Demirtaş: prison literature and literary polemics in Turkey. *Comparative Literature Studies*, 61(1), 33–48.

Owens-Murphy, K. (2023). Reading Behind Bars: Literacy and Survival in U.S. Prison Literature. *Humanities*, 12(1), 2. <https://doi.org/10.3390/h12010002>

Petrovic, V. (2018). The ICTY Library: War Criminals as Authors, Their Works as Sources. *International Criminal Justice Review*, 28(4), 333–348. <https://doi.org/10.1177/1057567718766221>

Smith, R. (2018). Narrow Confines: Marginalia, Devotional Books and the Prison in Early Modern Women's Writing. *Women's Writing*, 26(1), 35–52. <https://doi.org/10.1080/09699082.2019.1534581>

Torres, M.R.R., Checchia, C. (2020). Direito à poesia: creating openings in university, prison and literature. *Athenea Digital*, 20(3). e2674. <https://doi.org/10.5565/rev/athenea.2674>

Авторлар туралы мәлімет:

Бимұратқызы Жанар – хат-хабар үшін автор, PhD докторант, Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті, Қызылорда, Қазақстан. E-mail: zhanar.bi@mail.ru, ORCID: <https://orcid.org/0009-0004-1713-0984>

Тұяқбаев Ғабит Әнешұлы – филология ғылымдарының кандидаты, доцент, Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті, Қызылорда, Қазақстан. E-mail: turmagambet@mail.ru, ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-5000-2122>

Бимұратқызы Жанар – автор для корреспонденции, PhD докторант, Кызылординский университет имени Коркыт ата, Кызылорда, Казахстан. E-mail: zhanar.bi@mail.ru, ORCID: <https://orcid.org/0009-0004-1713-0984>

Туякбаев Габит Анешулы – кандидат филологических наук, доцент, Кызылординский университет имени Коркыт ата, Кызылорда, Казахстан. E-mail: turmagambet@mail.ru, ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-5000-2122>

Bimuratkzy Zhanar – corresponding author, PhD student, Korkyt Ata Kyzylorda University, Kyzylorda, Kazakhstan. E-mail: zhanar.bi@mail.ru, ORCID: <https://orcid.org/0009-0004-1713-0984>

Tuyakbayev Gabit Aneshuly – Candidate of Philology, Associate Professor, Korkyt Ata Kyzylorda University, Kyzylorda, Kazakhstan. E-mail: turmagambet@mail.ru, ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-5000-2122>



Copyright: © 2026 by the authors. Submitted for possible open access publication under the terms and conditions of the Creative Commons Attribution (CC BY NC) license (<https://creativecommons.org/licenses/by-nc/4.0/>).